



Educational Resources in International Languages

ҚОЛ

Translated from English to Kazakh by:

Ms Arailym Mazhit

MA (Translation Studies)

University of Cardiff

4 – Тарау

ҚОЛ

Сізге қойылатын ұқсас сұрақтар:

- Науқастың қолдарын тексеру
- Науқастың қол буындарын анықтау
- Науқастың қолдарынан не көргеніңізді сипаттау
- Науқас қолын неврологиялық қалпында анықтау
- Орта, шынтақ, радиалдынервісін тексеру
- Аллен сынағын (Allen's test) өткізу

Қолдарды тексеру

1. Өз-өзіңізді таныстырып науқастан тексеруге рұқсат сұраңыз

2. Қараңыз

- Не көргеніңізді айтыңыз!
- Қол жеңінің шынтаққа дейін ашық жерін қараңыз
- Науқас қолын жастыққа/үстелге бос қалпында қояды

Қолдың жалпы жағдайын тексеру (каскад, ұстап алу ептілігі не шапшаңдығы, айналуы)

Ескерту: қалыпты қозғалыс кезінде, саусақтардың алақан-фалангааралық буын және бунақ аралық буындарында бүгілуі қол каскадының қалыпты жағдайы, сондай-ақ саусақтар кәріжілік жаққа қарағанда шынтақжілік жақта бүгулі болады(4.1 сурет).



4.1 Сурет: Қол каскадының қалыпты жағдайы

Айқын немесе анық патологиялық өзгерістерден бастаңыз. Мейлінше нақты жүйелі әрекет етіңіз; яғни, **алыстан жақынға, сыртқы жағынан алақан жағына.**

Төмендегі тексерулерді жүргізіп, оң қорытындысын айтып отырыңыз.

- Тыртықтар
- Тырнақтар және тырнақ іркістері
- Саусақтар–түйіндер, буынның деформациясы немесе буынның жартылай шығуы
- Қол - терінің күйі, көгеру, түссізденуі, бөртпе, бұлшық еттің семіуі.

Науқастан қолын аударуын сұраңыз, алақанның үстін қараңыз.

Қайтадан науқастың саусақтарының ұштарынан бастап уқалап, саусақтарға қарап қандай да бір деформациясына немесе саусақтардың өзгешелігіне тексеріңіз.

- Тыртықтар
- Түйіндер
- Қатпа буындар
- Ойыстар/фибринжіпше/ байламдар
- Алақан эритемасы(қызаруы)
- Бас бармақ етінің семуі/шынашақтың астындағы дөңестенуі (гипотенар)

Шынтақ пен иық тұсында тыртықтардың, түйіндердің және терідегі өзгерістердің болуын тексеріңіз.

3. Сезіну

Науқастан нақты бір жерінде ауру немесе жайсыздық бар екендігін сұраңыз

Капилляр қайта айналу екпінін байқаңыз (қалыпты жағдай 2 секундтан аз болуы тиіс), тамыр соғуы және кәріжілік немесе шынтақжілік артерия патологиясын тудыратын қан айналымның бұзылуына Аллен сынағын жүргізіңіз.

(Аллен сынағының толық мазмұнын 10 тараудан көріңіз-Шеткі қан тамырларының жүйесі 2 – Қол).

Тері қалпын тексеру

Қолыңыздың сыртқы жағымен науқастың алақанының сыртқы және ішкі температурасын байқаңыз. Оны басқа жақпен салыстырыңыз.

Екі қолыңызбен жайлап барлық буындарды алыстан жақынға сондай-ақ алыстағы бунақ аралық буын, жақындағы бунақ аралықбуын және алақан-фалангааралық буындарын уқалап, әсіресе ісіген, жылы не жұмсақ көрінген аумақтарды мұқият тексеріңіз.

Сүйектің ісігеніне, бас бармақтың білезіктік пен алақан арасындағы буындардың төртбұрышталынуы, Хеберден (Heberden) немесе Бошар (Bouchard) түйіндерін уқалап тексеріңіз.

Бас бармақ пен шынашақтың астындағы бұлшық ет көлемінің дөңестенуін (гипотенар) тексеріңіз және келесі жақпен салыстырыңыз.

Дюпюитрен (Dupuytren) сырқатын, яғни қатпа буындар, фибринжіпше/байламдар, түйіндер сияқты белгілерін анықтаңыз.

4. Қимыл-қозғалыс

Науқастан барлық саусақтарын барынша созып, жұдырыққа түйіп белсенді қимыл жасауын сұрай отырып тексеріңіз.

Әрбір саусақтың бүгілу және жазылу қимылын бақылаңыз-егер науқас жылдам қимыл жасай алмаса, онда жай қимылдар жасап бақылаңыз.

Екі жақтың да сіңірінің бүгілуін жеке тексеруді естен шығармаңыз.

Саусақтардың тереңдегі бүккіш бұлшық етті – жақындағы бунақ аралық буынды тұрақтандырып және науқастан алыстағы бунақ аралық буынды бүгүін сұраңыз (4.2сурет).



4.2Сурет:Саусақтардың тереңдегі бүккіш бұлшық ет қимылын тексеру

Саусақтардың беткейлік бүккіш бұлшық еті, басқа саусақтарды соза отырып, тексерілетін саусақты жекелендіріп, науқастан жақындағы бунақ аралық буынды бүгүін сұраңыз (4.3сурет)



4.3 Сурет:Саусақтардың беткейлік бүккіш бұлшық ет қимылын тексеру

Бас бармақтың барлық қимылына бақылаңыз—бүгілу, жазылу, алшақтауын, ортаға қарай тарту және қарама-қарсылық.

Бас бармақтың жазылу белсенділігін көру үшін, науқастан қолын төмен қаратып үстелге қоюын сұраңыз және бас бармақты үстелден сәл жоғары көтере алатындығын байқаңыз. Бас бармақты жазатын ұзын бұлшық ет сіңірінің бүтіндей жазылуын анықтаңыз. (Буын қуалаған ревматизм немесе кәріжілікке тән жерден сынған жағдайда, бас бармақты жазатын ұзын бұлшық ет сіңірі сыртқы кәріжіліктік төмпешікті айналғанда үзіліп кетуі мүмкін (Листер төмпешігі [Lister's tubercle])).

Соңында, науқастың толық функционалды қабілеттілігін тексеру үшін келесі іс-әрекеттерді орындауын сұраңыз:

- Екі саусақты лезде жинау арқылы, қағып алу белсенділігін тексеру
- Саусақтардың қысып алу екінін бақылау
- Кез келген кішкене затты көтеруі арқылы саусақтың жұмыс қабілетін анықтау
- Қаламды алып, жазу
- Тостаған немесе стаканды ұстату

5. Қолдың неврологиялық тексерісі

Негізгі нервтің функционалды тұтастығына арнайы тексеріс қарастыру

Ортадағы нерв: құрт тәрізді бұлшық ет, бас бармақты қарама-қарсы қоятын бұлшық ет, бас бармақты алшақтататын қысқа бұлшық ет және бас бармақтың қысқа бүккіш бұлшық етін қамтиды.

Сондықтан, ортадағы нервтің қозғалу функциясын білу үшін, науқастан бас бармағын алшақтатуын (төбеге қарай көтеріп), шынашаққа қарсы бағытта қозғауын (бұл қимылда шынашақ бүгілмеуі тиіс) сұраңыз.

Егер ортадағы нерв жүйесінен кемшілік байқасаңыз, білек буыны дертіне анықтаңыз және Фален (Phalen), Тинел сынағын (Tineltests) орындаңыз.

Фален сынағы – науқастың білегін қатты бүгіп, сол қалыпта бірер минут ұстаңыз. Егер науқас ортадағы нервтің таралу аумағының ұюы, шаншуы немесе ауыру сезілгенін айтса, сынақ нәтижесінің қорытындысы кемшілік бар екеніндігін білдіреді(4.4сурет).



4.4 Сурет: Фален сынағының көрсетілуі

Тинел сынағы – білек каналыныңүстін соғыңыз. Егер науқас ортадағы нервтің таралу аумағының ұю, шаншу немесе ауыру сезілгенін айтса, сынақ нәтижесінің қорытындысы кемшілік бар екеніндігін білдіреді (4.5 сурет).



4.5 Сурет:Тинел сынағының көрсетілуі

Шынтақжілік нерв жүйесі: қолдың барлық ішкі бұлшық етін қамтиды.

Шынтақжілік нерв жүйесінің қозғалу функциясын тексеру үшін, науқастан сұқ саусақпен ортаңғы саусақтарын айқастандыруын немесе қайшы секілді қосуын сұраңыз. Бұл алшақтау және ортаға қарай тарту функциясын көрсетеді.

Алақанның сүйек аралық бұлшық еттері – саусақтарды ортаға қарай тарту (4.6 сурет)



4.6 Сурет:Алақандықсүйек аралық бұлшық еттерінің қимылдарын тексеру

Алақанның сыртқы сүйек аралық бұлшық еттері – саусақтарды алшақтату(4.7 сурет)



4.7 Сурет: Алақанның сыртқы сүйек аралық бұлшық еттерінің қимылдарын тексеру

Сонымен қатар, **Фроман (Froment) белгісін** тексеріңіз - науқастан сұқ саусақ және бас бармақпен қағазды қысып ұстауын сұраңыз. Өзіңіз қағазды тартып алуға тырысыңыз. Егер де, шынтақжілік нерв жүйесінде зақымдану болса, бас бармақтың дистальдық фалангасы бүгілуі (өзгермеген бас бармақтың ұзын бүккіш бұлшық қимылынан) шынтақжілік нерв жүйесі қамтамасыз ететін әлсіз бұлшық ет теңестіреді. Бұл Фромент сынақ нәтижесінің қорытындысы кемшілік бар екеніндігін білдіреді (4.8сурет).



4.8 Сурет:Фроман сынағының көрсетілуі,сынақ нәтижесі оң жақта


Кәріжілік нерв жүйесі:жазғыш аймақтың барлық бұлшық етін қамтиды.

Кәріжілік нерв жүйесінің қозғалу функциясын тексеру үшін, науқастан саусақтары мен білегін қарсы бағытта мейлінше созуын сұраңыз.

Науқастың сезімталдық мүмкіндігін, сәйкесінше кәріжіліктік, ортадағы, шынтақжілікиннервация аумағын бақылаңыз. Әрбір нервті аумағын тексеріңіз (4.9сурет, 4.10сурет, 4.11сурет).



4.9 Сурет: Дербес аумақ:Кәріжілік нерв жүйесі



4.10 Сурет: Дербес аумақ:Ортадағы нерв жүйесі



4.11 Сурет: Дербес аумақ:Шынтақжілік нерв жүйесі

Науқасқа жеңіл әрі қаттырақ шаншып, содан кейін бір орынды 2 инемен бірден шаншып тексеретініңізді айтыңыз.

1. Тексеруді аяқтау:

- Қажет болса қолдың басқа бөлігін тексеріңіз
- Тиісті рентгендік суретті қараңыз
- Арнайы тексеру жасау; нерв жүйесінің өтуін зерттеу

2. Науқасқа рахмет айту

Қолды толығымен тексеруде қажетті маңызды кеңестер:

1. Қол патологиясы келесі жағдайлардың бірінде туындайды:
 - а. нақты себептерден
 - б. жүйелік бұзылуының көрсеткішінің пайда болуы
2. Тексеріс алдында нақты жоспар/алдын-ала бекітілген жүйе болу қажет
3. Алшақтан жақынға не болмаса, кері бағытта
4. Сыртқы және ішкі жақты тексеру
5. Екі қолдың күйін тексеріп, ұстап қарау
6. Есте сақтаңыз: алдымен толықтай қараңыз, ұстап сезініңіз және қозғалысын тексеріңіз
7. Тексеріс барысында қолдың анатомиялық құрылымын есте сақтау
 - а. Тырнақ/тырнақ ұясы
 - б. Тері
 - в. Тері астының негізі
 - г. Алақан шандыры
 - д. Сіңір
 - е. Буын/ синовиома
 - ж. Сүйек
8. Қолды толығымен тексеру – сезімталдыққа, қозғалу функцияларын және тамырларды тексергеннен кейін ғана аяқталады



DOCTORS ACADEMY

BETTER EDUCATION. BETTER HEALTH.

Doctors Academy is an UK-based International Non-Profit Organisation comprising of doctors, dentists and scientists that undertakes a diverse range of educational activities globally. The aim of the Academy is to disseminate information and exchange medical knowledge between professionals from diverse backgrounds working in a variety of healthcare settings. This is achieved by the provision of a number of attendance courses, publishing house, online resources and international events/ competitions.

Courses (a selection):

Undergraduate:

- Final Year Medicine and Surgical Revision Courses
- Training the Clinical Anatomy Trainer
- Clinical Anatomy as Applied to Trauma and Emergency Medicine
- Surgical Anatomy of Important Operative Procedures
- Future Surgeons: Key Skills (RCSEd delivered)
- Structured Introduction to Surgical Skills

Postgraduate:

- MRCS Part A
- MRCEM Part A
- MRCS Part B OSCE
- DOHNS: Intensive Revision & OSCE
- Intercollegiate Basic Surgical Skills (RCSEd delivered)
- MRCP PACES Part 2
- FRCS (General Surgery) Exit Exam
- Cadaveric Ultrasound-Guided Musculoskeletal Intervention Course
- Ultrasound-Assisted Botulinum Toxin Injection for Neuromuscular Disorders
- Live Advanced Laparoscopic Colorectal Course



Forthcoming key events:

- **International Medical Summer School**
Manchester, 1st - 5th August 2016
- **International Academic and Research Conference**
Manchester, 6th August 2016
- **World University Anatomy Challenge**
Manchester, 5th August 2016

Publications



publications.doctorsacademy.org

World Journal of Medical Education & Research



Peer-reviewed academic journal with ISSN.

- No fee to view, read and download articles
- No subscription charges
- No submission fees
- No manuscript processing fee
- No publishing fee
- No cost to read, write or publish!

wjmer.co.uk

Online Revision Resources

DoctorExams consists of 1000s of questions with detailed explanations in MCQ, EMQ, SBA and SAQ formats. Questions are written by the Doctors Academy group of experienced clinicians and clinical academics, with mock exams and feedback on performance included to aid a candidate's focused revision of topics. Based on past exams, these questions are carefully crafted to suit the requirements of undergraduate students & postgraduate trainees undertaking relevant speciality exams.

Resources for:

- Medical Students
- Dental Students
- International Entrance Exams
- MRCS Exams
- General Surgery Exams
- Plastic Surgery Exams
- DOHNS Exams

www.doctorexams.co.uk

www.doctorsacademy.org